

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясы кезеңінде қашықтан емтихан өткізу НҰСҚАУЛЫҒЫ

COVID-19 короновирустық инфекция пандемиясы кезеңінде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында Аралық аттестаттауды ұйымдастыру ережесінің 11-тармағына сәйкес емтихандар қашықтан келесі нысандарда қабылданады:

- онлайн түрінде өткізілетін ауызша емтихан;
- «ашық кітаппен» тапсырылатын емтихан (take-home open book exam) - үйде орындалған жоба, эссе, есеп шығаруды, кейс шешуді бағалау;
- «Музыкалық білім», «Бейнелеу өнері және сызу», «Дене шынықтыру және спорт» ББ-лары үшін - Zoom, Microsoft Teams, Youtube және басқа платформалар негізіндегі шығармашылық емтихан;
- Platonus ААЖ-ндегі компьютерлік тестілеу.

1. Онлайн режимде өткізілетін ауызша емтихан Zoom, Microsoft Teams, CiscoWebex Meetings немесе басқа платформалар негізінде қабылданады және емтиханның бейнежазбасы міндетті түрде жүргізіледі. Ауызша емтиханды, Bandicam бағдарламасында бейнежазба жүргізе отырып, GoogleHangouts, Skype және басқа платформалада бейнеқоңырау арқылы қабылдауға болады.

Сіздің әрекеттеріңіз: Емтихан қабылдау және тапсыру үшін **оқытушы мен білім алушының** пайдаланатын құрылғысында (стационарлық компьютер, ноутбук, планшет, смартфон) қолданылатын қосымшалар орнатылуы керек. **Оқытушы мен білім алушы** жүйеге өз аты-жөнімен тіркелуі керек. **Оқытушы** білім алушыны анықтағаннан кейінкездейсоқ сандар генераторын қолдану арқылы билет нөмірін анықтайды, тапсырма беріп, білім алушыға дайындыққа 5-10 минут уақыт береді. Дайындық уақыты аяқталғаннан кейін **білім алушы** билет сұрақтарына және, бар болса, қосымша сұрақтарға жауап береді.

Емтихан аяқталған соң **оқытушы** білім алушылардың жауаптарының бейнежазбаларын қарап, Platonus ААЖ-нде баға қояды. **Оқытушы** емтиханның бейнежазба файлдарын «Емтихан_Топ_Пән_Күн_Оқытушының аты-жөні_студенттің/студенттердің аты-жөні» формасында атап, кафедраның Google-дискісіне жүктейді.

Егер емтихан кезінде байланыс үзіліп кетсе

Сіздің әрекеттеріңіз: Егер байланыс үзілгенге дейін білім алушы өзінің құзыреттілігін бағалау үшін жеткілікті жауап берген болса, яғни сұрақтың басым бөлігіне жауап беріп үлгерген болса, **оқытушы** білім алушының жауабының қолда бар бейнежазбасын бағалап, баға қояды. Егер байланыс үзілгенге дейін білім алушының берген жауабы бойынша оның құзыреттілігін бағалау мүмкін болмаса, қосылым қалпына келтірілгеннен кейін білім алушыға жаңа билет беріліп, емтихан процедурасы қайталанады.

2. «Ашық кітаппен» тапсырылатын емтихан (take-home open book exam) - үйде орындалған жоба, эссе, есеп шығаруды, кейс шешуді бағалау

Сіздің әрекеттеріңіз: **Оқытушы** жоба орындау, эссе жазу, есеп шығару, кейс шешу тапсырмасын тапсырма көлеміне қарай Platonus ААЖ-не, Google classroomплатформасына жүктейді немесе корпоративті пошта арқылы алдын ала

немесе емтихан өтетін күні жібереді және тапсыру мерзімін белгілейді. Кафедралар әзірлеген жұмысты орындауға қойылатын талаптар мен білім алушылардың жауаптарын бағалау критерийлері ari.kz сайтындағы парақшасына жарияланады. **Білім алушы** ari.kz сайтындағы жұмысты орындауға қойылатын талаптармен және бағалау критерийлерімен танысады, берілген тапсырманы орындап, белгіленген мерзімге сәйкес Platonus ААЖ-не, Google classroom платформасына немесе оқытушының корпоративті поштасына жібереді. **Оқытушы** білім алушылардың жауаптары жазылған файлдарды «Емтихан_Топ_Пән_Күн_Оқытушының аты-жөні_студенттің/студенттердің аты-жөні» формасында атап, кафедраның Google-дискісіне жүктейді, осылайша жазбаша жұмыстарды плагиатқа қарсы тексеруге ұсынады. Плагиатқа қарсы тексеруден өткеннен кейін **оқытушы** білім алушылардың жұмыстарын тексеріп, бағаны Platonus ААЖ-нде қояды.

3.«Музыкалық білім», «Бейнелеу өнері және сызу», «Дене шынықтыру және спорт» ББ-лары үшін - Zoom, Microsoft Teams, Youtube және басқа платформалар негізіндегі шығармашылық емтихан – осы Нұсқаулықтың 1-тармағына сәйкес өткізіледі.

4. Platonus ААЖ-ндегі компьютерлік тестілеу

Сіздің әрекеттеріңіз: **Оқытушы** пән бойынша тест сұрақтарын Platonus ААЖ-не жүктейді. Пәнге арналған тест сұрақтарының минималды саны келесідей анықталады: 1 курс пәндері – кредитпен есептелетін пән көлемінің 60-қа көбейтіндісі (мысалы, $5\text{кр} \times 60 = 300$ сұрақ); 2-4 курс пәндері – кредитпен есептелетін пән көлемінің 100-ге көбейтіндісіне (мысалы, $3\text{кр} \times 100 = 300$ сұрақ) тең болу керек. Сонымен қатар, сұрақ санының арақатынасы олардың күрделілігіне қарай келесі санаттар бойынша бөлінеді: жеңіл - 30%, орташа қиындықтағы - 40%, қиын - 30%. **Оқытушы** тестілеуді аралық аттесаттаудың бекітілген кестесіне сәйкес емтихан күніне және басталу-аяқталу уақытына «Тестіленетін адамды тексеру/сәйкестендіру жүйесін қолдану» ұяшығын белгілеу арқылы тағайындайды. Platonus ААЖ-ндегі компьютерлік тестілеу кезіндегі дұрыс жауаптар келесідегідей бағаланады: жеңіл сұрақ – 1 балл, орташа қиындықтағысы – 2 балл, қиыны – 3 балл. **Білім алушы** аралық аттестаттаудың бекітілген кестесіне сәйкес пән бойынша тест тапсырады. Интернетке тұрақты қосылуды қамтамасыз ету үшін **білім алушы** стационарлық компьютер немесе ноутбукты пайдаланады. Тестілеудің бағасы автоматты түрде Platonus ААЖ-нде есептеледі.